

¹ Морякова М.Т.  ² Шотанова Г.А. 

^{1, 2} Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹ malika-94kz@mail.ru ² sh.galiya08@gmail.com

ТҮРІК, ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ТАРИХНАМАДАҒЫ АЛТЫН ОРДА ҚАЛАЛАРЫ МЕН ҚОНЫСТАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ (XIII–XV ҒҒ.)

Аңдатпа. Қазіргі уақытта тарих ғылымында әртүрлі елдердің тарихы мен мәдениетін зерттеу барысында қала тұрғындарының ішкі, яғни күнделікті өміріне ерекше мән беріледі. Себебі атақты әрі біртуар тұлғалар кейбір елдер мен халықтардың, көптеген жағдайларда бүкіл әлемнің де, тарихы мен мәдениетінде маңызды рөл атқарса да, қарапайым халықтың тұрмысын, әдет-ғұрыптарын, әлеуметтік нормаларын, дүниетанымын талдау арқылы дәуірді зерделеу мүмкін. Өз кезегінде белгілі бір уақытта орын алған саяси оқиғалар мен қоғамдық-мәдени мән-мағынасын терең түсінуге болады. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Мақаланың мақсаты – Алтын Орда мемлекеті қала тұрғындарының күнделікті өмірі мәселесіне тікелей немесе жанама арналған тарихнаманы зерттеу және талдау. Бұл мақсатқа жеті үшін келесі міндеттер қойылады: қазіргі қазақ және дүние жүзінің тарих және археология ғылымындағы Алтын Орда мемлекетіндегі қала тұрғындарының күнделікті өмірін зерттеудің ерекшеліктерін анықтау; қарастырылып отырған кезеңдегі қалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерттеу; Алтын Орда мемлекетіндегі қала тұрғындары мен сол мемлекеттегі көшпелілер халықтар арасындағы байланыстарды талдау. Нәтижелер. Қала тұрғындарының күнделікті өмірі мәселесі Алтын Орданың тарихы мен мәдениетіне арналған тарихнаманың ажырамас бөлігі болып табылады. Қорытындылар. Бұл тақырыпты зерттеудің барысында тарихнамада қала тұрғындарының күнделікті өмірі тарихи және археологиялық ғылыми зерттеулердің бөлек зерттеу бағытына айналғандығы, Алтын Орда елеулі деңгейде дамыған қалалық мәдениеті бар мемлекет болғандығы және орта ғасыр кезеңінде Алтын Орда мемлекетіндегі қалалар көшпелі ортамен тығыз байланысты екендігі деген тұжырымдар шығарылады.

Алғыс. Мақала «Алтын Орда дәуіріндегі Батыс Қазақстан отырықшы елді мекендерінің тарихы: тұрмыстық материалдық мәдениетін қайта құру» (ЖТН АР23489009) атты гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын орындау аясында дайындалған.

Кілт сөздер: Алтын Орда қоныстары, урбанистика, тарихнама, Жайық, Сарайшық, Сарай-Бату, Сарай-Берке, Сарай-и Джедид, күнделікті өмір.

Кіріспе

Қазіргі уақытта тарих және археология ғылымдарында мемлекеттердің тарихындағы қалалардың орны мен рөлін, соның ішінде қала тұрғындарының күнделікті тұрмыс-тіршілігін зерттеуге ғылыми тұрғыдан ерекше назар аударылуда. Себебі дүниежүзілік тарихта қалалар әлеуметтік-экономикалық, мәдениет, сауда орталықтары ретінде кез келген мемлекеттің тарихында маңызды функциялар атқарды. Осыған байланысты орта ғасыр кезеңінде пайда болған Алтын Орда мемлекетіндегі қала тұрғындарының күнделікті өмірін зерттеу Қазақстан тарихының көптеген қырларын аша отырып, көшпелі ортадағы қалалық мәдениеттің орнын нақты көрсетеді. Сондықтан осы тақырыптың өзекті екендігі еш күмән тудырмаса керек. Дегенмен, тарихнамалық тұрғыдан алғанда, бұл тақырып толыққанды зерттелмеген, себебі ұзақ уақыт бойы еуроцентристік көзқарас ғылыми зерттеулерде басым болды. Соның

салдарынан Алтын Орда урбанизациясының ауқымы мен өзіндік ерекшеліктері тиісті деңгейде бағаланбады.

Сонымен қатар, бұл тәсіл Мемлекет басшысы К.-Ж. К. Тоқаев ұсынған Алтын Орда мұрасын ұлттық бірегейліктің маңызды өркениеттік бағдары ретінде жүйелі зерттеу және дәріптеу жөніндегі тұжырымдамалық ұстанымдармен тікелей үндеседі. Осы доктрина аясында дала урбанизациясын бағалаудағы әдіснамалық тәсілдерді қайта қарастыру айрықша маңызға ие болуда. Осыған байланысты отандық және шетелдік тарихнамасын кешенді түрде зерттеу қажеттілігі туындайды. Бұл өз кезегінде қалыптасқан стереотиптерді еңсеруге, жинақталған археологиялық және жазба деректерді жүйелеуге, сонымен қатар Алтын Орда қаласы тұрғындарының тұрмысын, әлеуметтік байланыстарын және ішкі дүниесін реконструкциялауға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында түрік, қазақ, ресей (совет), сонымен қатар Батыс елдері ғалымдарының (тарихшылар, филологтар, қоғамтанушылар және т.б.) Алтын Орда мемлекетіндегі қала тұрғындарының күнделікті өміріне тікелей немесе жанама қатысы бар еңбектері пайдаланылды. Тарихнаманың кең географиялық және хронологиялық ауқымы тарих, археология, этнология және тарихи географияның қиылысында пәнаралық тәсілдерді біріктіруге қабілетті кешенді әдіснамалық базаны қалыптастыруды талап етті. Зерттеу барысында бірнеше әдістер қолданылды. Ең алдымен, *факторлық талдау әдісі*. Осы әдіс арқылы мақаланың аясында авторларға әсер еткен әртүрлі саяси, идеологиялық және т.б. факторларды анықтауға болады. Бұл саяси контекстің дала урбанизмінің рөлін бағалауға қалай ықпал еткенін, яғни көшпелілердегі қалалық мәдениетті толық жоққа шығарудан бастап, Алтын Орданы аса ірі өркениеттік құбылыс ретінде мойындауға дейінгі көзқарастар эволюциясын айқындауға мүмкіндік берді. Екіншіден, зерттеудің ажырамас бөлігі ретінде *нақты-тарихи әдісті* атап өткен дұрыс. Бұл әрбір кезең мен территорияның жағдайларын зерттеуді көздейтін ғылыми әдіс тарихи оқиғалардың нақты мән-жайын айқындауға мүмкіндік береді. Осы әдісті қолдану Сарай-Бату, Сарай-Берке, Сарайшық, Жайық секілді Алтын Орда қалаларының даму динамикасындағы эволюциясын қадағалауға және Еділ бойы, Оңтүстік пен Батыс Қазақстан аумақтарындағы қала халқының күнделікті тұрмысындағы жергілікті ерекшеліктерді саралауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге осы зерттеудің аясында *салыстырмалы-тарихи әдістің* орны ерекше. Бұл әдіспен белгілі бір өңірдегі сан алуан құбылыстардың арасындағы байланыстар анықталады. Мақала контекстінде бұл әдіс жазба деректерді (ең алдымен араб, парсы және батысеуропалық деректерді) көпжылдық археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерімен салыстыруға мүмкіндік берді. Бұл Жайық пен Сарайшық қалашықтарындағы тұрғын үйлердің жоспарлануы, жылыту жүйелері (жылыту пештері, кандар), сумен қамтамасыз ету жүйелері, шығыс моншаларының (хамамдардың) және кірпіш күйдіретін пештердің болуы туралы мәліметтерді верификациялауға, сонымен қатар оларды Хорезм мен Еділ бойының қала құрылысы дәстүрлерімен сабақтастыруға көмектесті.

Талқылау

Алтын Орда мемлекетінің тарихы көптеген қазақ (Байпаков, Ерофеева, Иночкин, Кривобокова, Сдыков, 2012; Калменов, 2013; Сдыков, 2011; және т.б.), түрік (Bostancı, 2021a; Bostancı, 2021b; Bostancı, 2024a; Bostancı, 2024b; Kemalöglü, 2026; және т.б.), ресей (Васильев, 2011; Волков, 2016; Егоров, 2010; Недашковский, 2010; және т.б.), совет (Бартольд, 1993; Греков, Якубовский, 1950; Федоров-Давыдов, 1966; және т.б.) ғалымдарының, сонымен бірге Батыс елдері зерттеушілерінің (Шпулер, 2016; Баллод, 1923; және т.б.) еңбектерінде көрініс тапты. Бұл ретте ең алдымен тарихшылар мен археологтар Алтын Орда мемлекетінің саяси, мәдени және әлеуметтік-экономикалық дамуына, соның ішінде сол үрдістегі қалалардың да

орнына арналған мәселелерге ерекше көңіл бөлген. Әрине, Алтын Орданың тарихы мен мәдениетін зерттегенде авторлар тарихнамалық аспектілерге де назар аударғандығын айта кету жөн. Алайда тарихнамалық шолу жасау барысында зерттеушілер негізінен қалалардың планиграфиясы, орналасқан жерінің ландшафты және т.б. туралы жазды. Ал қала тұрғындарының күнделікті өмірі мәселесі тарихнамалық тұрғыдан әлі де толыққанды зерттелмеген. Мұны зерттеушілердің өздері ғылыми еңбектерінде қойған мақсаттарымен түсіндіруге болады.

Зерттеу нәтижелері

Түркия. Ең алдымен қарастырылып отырған тақырыпты зерттеуге түрік тарихшылары үлес қосты. Жалпы қалалық өмірдің кейбір аспектілері түрік зерттеушісі Фатих Бостанжының «Алтын Орда мемлекетінде отырықшы өмірдің алғашқы іздері» («Altın Orda Devleti'nde Yerleşik Hayatın İlk İzleri: Saray Şehri») (Bostancı, 2021a: 230) деп аталатын мақаласында көрініс табады. Ең алдымен өзінің мақаласында автор «қала», «шаһар» сияқты ұғымдарға талдау жасайды. Ғалымның айтуынша, парсы тілінде «қала» термині басқару, сауда әрі кәсіп жүйелері шоғырланған белгілі бір тәртіп бойынша ұйымдастырылған аумақты білдіреді. XI ғасырға жататын деректерге сүйенетін болсақ, түркі тілдерінде қаланы атау үшін «şar» және «balık» сөздері қолданылған (Bostancı, 2021a: 230). Бұл ретте Фатих Бостанжы тарих ғылымында Сарай қаласына байланысты бір түсінбеушілікке бар екендігіне назар аударады. Өйткені әртүрлі тарихи деректерде бұл қаланың Сара-Бату деп аталғандығы туралы мәлімет бар. Сонымен бірге жазбаша деректерде Сарай-Берке және Сарай-и Жедид сияқты атаулар да кездесе береді. Автор жазғандай, «бұл жайт Сарай қаласына қатысты даулы көзқарастардың пайда болуына себеп болды» (Bostancı, 2021a: 231). Атап айтқанда, бір топ зерттеушілердің ұстанымдары бойынша, Сарай-Бату және Сарай-Берке – бір қаланың атауы, ал Сарай-и Жедид – Өзбек ханның тұсында салынған жаңа қала. Тарихшылардың басқа бір тобының пікірінше, Сарай-Берке және Сарай-и Жедид – бір қаланың атаулары. Фатих Бостанжының айтуы бойынша, әуелде бұл қала Сарай-Бату деп аталған. Кейін уақыт өте келе, Сарай-Бату Сарай-Берке деп атала бастады. Өйткені Сарай-Бату шын мәнінде қалаға дәл сол Берке ханның кезінде айналған (Bostancı, 2021a: 231). Фатих Бостанжы келтірген деректерге қарағанда, Сарай қаласы екінші қыпшақ жорығынан² кейін Еділ өзенінің сол жағында салынған. Жувейнидің³ айтуынша, Бату хан өзі ұнатқан жерде салды. Мемлекеттік басқару жүйесін оңайлату үшін Қарақорымға ұқсас бола алатын Сарай қаласын салуға бұйрық беріп оны астана деп жариялады. Аз уақыт ішінде Сарай Шығыс Еуропа мен Батыс Сібірдің, сондай-ақ Каспий маңы мен Арал маңының ұланғайыр аймақтарында маңызды әкімшілік және сауда орталығына айналды (Bostancı, 2021a: 231).

Деректану саласына айтарлықтай өз үлесін қосқан түрік зерттеушісі Өзалп Гөкбилгіннің «1313–1357 жылдар арасындағы Алтын Орда мемлекеті» («1313–1357 Yılları Arasında Altın Ordu Devleti») атты кітабы ортағасырлық тарих бойынша түрік тарихнамасында өте маңызды орын алады және Алтын Орда мемлекеті туралы кейбір тарихи-географиялық анықтамалардың мәліметтерін, сонымен қатар археологиялық тұрғыдан зерттеулерді айқындайды. Еңбектегі көрсетілген мәліметтер бойынша Алтын Орда архитектурасының толық типологиясы әлі де құрылған жоқ. Көптеген үлгілерге сәйкес болжамдар мен жалпылама тұжырымдардың негізі қаланды. Бұл бағалау жоспар мен материалдарға сүйене отырып жасалды, бірақ ою-өрнек техникалары сияқты ерекше факторлар егжей-тегжейлі

² «Екінші қыпшақ жорығы» ұғымы Шыңғысханның немересі Бату ханның 1236 жылы қыпшақтарға қарсы бастаған жорығын білдіреді. Әскери қимылдардың нәтижесінде қыпшақтар жеңіліп саяси тәуелсіздігінен айырылды

³ Ата Мәлік Жувейни (1226–1283) – Елхан мемлекетінің атақты қайраткері әрі тарихшысы. Азадвар (Āzâdvâr) кентінде туған. Атақты мемлекеттік қайраткер, Аббасидтер мемлекетінің уәзірі Фазлу бин Ребидің (яғни «Реби ұлы Фазл») (755/756–822/823 или 823/824) (Bilgin, 1993: 140–141; Özaydin, 1995: 274–275) ұрпағы

зерттелмеді. Сонымен қатар, бұл еңбекте Алтын Орда қалаларының экономикалық және әскери-саяси географиясы, оның әкімшілік-саяси құрылымы қарастырылған (Gökbilgin, 1972: 31-40).

Келесі түрік зерттеушісі Мелек Өзетгин «Алтын Ордада хат алмасудың дәстүрлері» («Altın Orda Hanlığı'nın Resmî Yazışma Geleneği») атты мақаласында Алтын Орданың мәдениетін түсіндіре отырып, сауда жолдары жөнінде былай жазылған: «Егер сауда жолдары туралы айтатын болсақ, оның ресми жолдар құрылысы жолға қойылмаса, табиғи жағдайларға байланысты елді бақылау қиынға соғады. Егер өзендерге көпірлер салынбаса, онда саяхат пен пошта қызметтері жүзеге асырылмай қалады. Сондықтан жолдарда ауқымды құрылыс жүргізілу қажет. Ірі өзендер үшін жеке қайықтар, ал өзен жағалаулары жұмысына жол қызметкерлері тартылады. Қызметкерлердің «кемеші» (қайықшы), «күпергі» (көпір салушы) сияқты ерекше атаулары болған. Жолдар бойы тұрғындардың тұруына және демалуына арналған орындар, жылқыларға арналған жем, су және т.б. заттар сұранысқа ие болды. Оларды қамтамасыз ету үшін саяхатшылар мен саудагерлерге мемлекеттік органдармен бірге жұмыс істеу ұсынылды. Бұл қызмет «glufe» (немесе «алапа») деп, ал жолаушылар түсетін орындар «Kunak Keşen» деп аталды. Негізгі жолдарда жеке қонақ үйлер салынды, ал пошта аттары әрдайым саяхатшылар үшін дайын болды. Бұл жолдар негізінен (Еуропадан Қиыр Шығысқа дейін) итальяндық саудагерлер үшін маңызды болды және бұл саудагерлер үшін арнайы жеңілдік болған еді. Бірақ саяхатшыларды қорғау үшін бір немесе екі татар тілін білетін аудармашымен саяхаттау керек. Қажетті нан, ет және тұздалған балықты белгілі бір жерден таба алады, бірақ жоғарыда айтылғандай, алдымен аудармашыны табу керек. Саяхатшыларға қарулы күзет қажет емес, кез-келген жағдайда қонақүйлер Танадан Қытайға дейінгі барлық жолды өте жақсы қорғайды» (Özyetgin, Kemalöglü, 2017: 20).

Қазақстан. XIII ғасырда Еуразия территориясының далалық аймағында пайда болған Алтын Орда мемлекеті көптеген елдердің тарихы мен мәдениетіне, сондай-ақ бұл географиялық кеңістікті мекендеген халықтардың тарихи тағдырына тікелей әсер етті. Сондықтан да қазіргі уақытта Қазақстанның тарих, археология, этнология және т.б. ғылымдарында Алтын Орда кезеңіндегі қалаларға ерекше көңіл бөлінеді. Мысал ретінде 2015 жылы жарық көрген «Сарайшық – бабалар мұрасы...» (Сарайшық..., 2015) мақалалар мен материалдар жинағын келтіруге болады. Бұл жинақта Сарайшық қаласына арналған археологиялық және жазбаша мәліметтер келтіріледі.

Осы тақырыптың кейбір аспектілері қазақ зерттеушісі М.Н. Сдыковтың «Батыс Қазақстанның Алтын Орда кезеңіндегі қалалары» («Золотоордынские города Западного Казахстана») мақаласында Батыс Қазақстанда орта ғасыр кезеңінде пайда болған қалалардың тарихы жөнінде мәліметтер келтіреді (Сдыков, 2011). Автордың айтуынша, осы территориядағы қалаларға қатысты алғашқы жазба деректері моңғол дәуіріне, атап айтқанда, оғыз және қыпшақ конфедерациялары болған дейінгі кезеңге жатады. Таяу Шығыс елдері географтары мен саяхатшыларының шығармаларына сілтеме жасай отырып, автор X ғасырда қазіргі Орал қаласының орнында қалалық елді мекеннің орналасқандығына назар аударады. Сонымен бірге Жайық өзенінің бойында қалалардың болғандығы орта ғасыр кезеңіне жататын деректерде ғана емес, кейінгі, яғни жаңа замандағы авторлардың туындыларында да кездесетіндігін атап өтті (Сдыков, 2011: 182–183). Жайық қалашығында жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, М.Н. Сдыков Жайық өзенінің бойындағы қалалардың үй салу дәстүрлеріне Хорезм және Сырдария бойындағы қалалардың құрылыс мәдениетінің әсер еткендігіне ерекше көңіл бөледі. Яғни ғалымның айтуы бойынша, Жайық қалашығындағы үй-жай жоспарлары Үргеніш, Отырар, Түркістан сияқты қалалардың үй-жай жоспарларына сай келеді. Осы ретте зерттеуші үй-жайлардың ерекшеліктерін (үй-жайлар түрлері, жылыту жүйесі, үй салуға пайдаланылған кірпіштер түрлері, үй салудың әдіс-тәсілдері, қалалық қорымның орналасқан жері және т.б.) сипаттайды (Сдыков, 2011: 184). Жалпы алғанда, қала тұрғындары мен көшпелілердің арасында тығыз байланыстардың

болғандығын атап өтіп, М.Н. Сдыков келесі қорытынды жасайды: «Дамыған көшпелі өркениет Дала мен қалалық мәдениеттің арасында тұрақты байланыстардың бар екендігін көздейді. Сондықтан да көшпелі мал шаруашылығы... қалалардың болғандығын жоққа шығармайды, керісінше олардың қолөнер мен сауда, қыстақтар және стратегиялық тұрғыдан маңызды территорияларда орналасқан паналар ретіндегі орталықтардың болғандығын көздейді» (Сдыков, 2011: 181).

«Қала» тақырыбының М.Н. Сдыковтың белгілі археологтар және тарихшылармен (К.М. Байпаков, И.В. Ерофеева, В.А. Иночкин, С.С. Кривобокова) бірлесіп жазған «Көне және қазіргі Орал. Тарихына жасалған шолу» («Уральск древний и современный. Очерки истории») (Байпаков, Ерофеева, Иночкин, Кривобокова, Сдыков, 2012) атты еңбегінде де көрініс тапқан. Авторлардың айтуынша, Орал қаласының төңірегіндегі көп жылдар бойы жүргізілген ғылыми археологиялық зерттеулердің нәтижесінде осы елді мекеннен оңтүстікке қарай 12 шақырымдық жерде «Жайық» қалашығы ашылды. Бұл қалашықтағы үй-жайлардың қалдықтарын зерттегенде археологтар тұрғындардың күнделікті өмірінің кейбір қырларын ашатын заттарды тауып алды. Атап айтқанда, кірпіштен салынған үй-жайлар бірнеше бөлмеден (соның ішінде шаруашылық бөлме) тұрған. Үй-жайдың ішінде мұржасы бар пеш салынған (Байпаков, Ерофеева, Иночкин, Кривобокова, Сдыков, 2012: 98–101). Күнделікті өмірінде тұрғындар қыш заттарды кеңінен пайдаланған. Тұрғын-үйлерден басқа, бұл қалашықтың ортасында археологтар «хамам» (шығыстық монша) функциясын атқарған құрылыстың қалдықтарын да тіркеді (Байпаков, Ерофеева, Иночкин, Кривобокова, Сдыков, 2012: 102).

Ғалым, зерттеуші М.Д. Калменовтың 2013 жылы жарық көрген «Жайық қалашығында табылған кірпіш күйдіру пеші» («Кирпичеобжигательная печь с городища Жайык») (Калменов, 2013) деп аталатын мақаласында 2012 жылғы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған кірпіш күйдіретін пештің қалдықтары жөнінде мәліметтер келтіреді. Пештің конструкциясы мен оның жұмыс істеу функциясын зерттеу барысында автор келесі қорытынды шығарды: «Конструкциялары ұқсас пештер Алтын Орданың территориясында да пайдаланылған. Атап айтқанда, XIII ғасырдың соңы – XIV ғасырдың бас кезінде пайдаланылған кірпіш күйдерітін пеш көне Сарайшықтан табылған» (Калменов, 2013: 210).

ССРО. Алтын Ордадағы қала тұрғындарының күнделікті өмірі мәселесі бірқатар кеңестік зерттеушілердің еңбектерінде ғылыми тұрғыдан қарастырылып, өз көрінісін тапқан. Мысал ретінде белгілі ғалым В.В. Бартольдтің «Түркілер. Орта Азиядағы түрік халықтарының тарихына арналған он екі дәріс» («Тюрки. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии») атты іргелі еңбегінде баяндалады. Бұл еңбекте автор түркі халықтарының (көне түріктер, қырғыздар, қарлұқтар және т.б.) саяси тарихын талдай отырып, Алтын Орда дәуірінде пайда болған қалалардың тарихы мен экономикалық маңызына тоқталады. В.В. Бартольд келесідей жазады: «XIV ғасырда моңғол дәуірінде Еділ өзенінің орта ағысында салынған Қазан сияқты қалаларда түркілер ғана тұрған. Еділ өзенінің төменгі ағысында жаңа қалалар Бату хан тұсында-ақ салына бастады...» (Бартольд, 1998: 128–129). Рубрукке сілтеме жасап, В.В. Бартольд Укек, Сарай, Суммеркент сияқты қалаларға қатысты қысқаша мәлімет берді. Осы тұрғыдан ғалым Жаңа Сарай және Ескі Сарай бір қала ма, әлде екі бөлек қала ма деген мәселе жөнінде өз пікірін білдіреді. Зерттеушінің пайымдауынша, «...есімдері бірдей екі қаланың болғандығы мүмкін емес сияқты. Қаланың аумағы кеңейтілгенде жаңадан салынған үйлер «жаңа» қала деп аталған болар» (Бартольд, 1998: 130). В.В. Бартольдтің бұл еңбегінде Алтын Ордадағы қала тұрғындарының күнделікті өмірі жөнінде жанама ғана айтылған. Автордың айтуынша, «...монеталардың сыртқы көрінісіне, жазулардың сипатына, әріптердің сыртқы пішініне, ою-өрнекке қарағанда, әрбір қаланың өз дәстүрлері болған...» (Бартольд, 1998: 130). Бұдан әрі Алтын Орданың этникалық құрамын атап өтіп, ғалым келесі мәселеге назар аударды: «...Алтын Ордада моңғол элементінің онша елеулі маңызы болған жоқ. Сондықтан да түркі тілінің үстемдігі, әсіресе Алтын Орда мен Моңғолияның арасындағы

байланыстар үзілгеннен кейін, жылдам орнаса керек...» (Бартольд, 1998: 131). Ал қала тұрғындарының этникалық құрамы мен олардың күнделікті тілін қандай болғандығын айтатын болсақ, автордың пікірінше, «осы және тағы басқа бір қала немесе аймақ тұрғындарының басым көпшілігі қай ұлтқа жатқандығын, сонымен қатар ислам мен түрік тілінің жеңісімен аяқталған мәдени эволюция қалай өткендігін анықтау үшін ұзақ мерзімді зерттеулер керек болатын шығар...» (Бартольд, 1998: 131).

А.Ю. Якубовскийдің 1932 жылы жарық көрген «Шығыстағы феодализм. Алтын Орданың астанасы – Сарай-Берке» («Феодализм на Востоке. Столица Золотой Орды – Сарай-Берке») деп аталатын еңбегі Сарай-Берке қаласының саяси және сауда-экономикалық тарихына, сондай-ақ шаруашылық өміріне арналған (Якубовский, 1932). Зерттеушінің айтуынша, Сарай-Берке «XIII және XIV ғасырларда Шығыстағы ең белгілі қолөнер әрі сауда орталықтарының бірі болған» (Якубовский, 1932: 3). Жалпы тұрғындардың саны 200 мыңға жеткен. Автордың айтуы бойынша, қала тұрғындары қыштан ыдыс жасау сияқты сан алуан кәсіппен айналысқан. Мысалы, А.Ю. Якубовскийдің пікірі бойынша, Сарай-Беркеде тұрғындар металл өндеген. Сондықтан да осында металл өндеумен айналысқан төмендегідей шеберханалар болды. Атап айтқанда, ұстаханалар; пышақ және құралыптас қару жасайтын орындар; егіншілікте қолданыларын құралдар (орақ және т.б.) өндіретін орындар; қола мен мыстан ыдыс жасайтын орындар. Зерттеушінің пайымдауынша, Сарай-Беркеде терімен, ағаш өндеумен, зергерлік ісімен де айналысатын шеберлер болған (Якубовский, 1932: 20). Бұл ретте А.Ю. Якубовский қала тұрғындары мен Сарай-Беркенің төңірегінде тұрған көшпелі рулардың арасында тығыз шаруашылық және сауда-экономикалық байланыстардың болғандығына ерекше назар аударады (Якубовский, 1932: 20).

Қала тақырыбын А.Ю. Якубовский кейінгі жылдары да жалғастырды. Атап айтқанда, 1950 жылы Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовскийдің «Алтын Орда және оның құлдырауы» («Золотая Орда и ее падение») атты кітабында (Греков, Якубовский, 1950) зерттеу тақырыбына «Алтын Орданың қалалық өмірі» («Городская жизнь Золотой Орды») деген жетінші тарауы арналған. Авторлардың өздері атап өткендей, «Алтын Ордада қалалық өмір өте жақсы дамыған» (Греков, Якубовский, 1950: 141). Бұл ретте Қырымдағы Кафа, Судак, Керіш, Азау теңізінің жағалауындағы Азақ (Азов), Хорезмдегі Үргеніш және т.б. қалалар Алтын Орда мемлекетіне дейінгі кезеңде пайда болса, Қырым (Ескі Қырым), Еділ өзені аймағындағы Сарай-Бату және Сарай-Берке, Солтүстік Кавказдағы Маджар сияқты қалалар жаңадан салынған (Греков, Якубовский, 1950: 141). Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовский Сарай қаласын сипаттау үшін арабтілді деректердегі мәліметтерді келтіреді: «Сарай қаласы – көп адам тұратын, әдемі базарлары мен кең көшелері бар өте кең аумақта орналасқан ең әдемі қалалардың [бірі]... [Сарайда] ...он үш мешіт бар... солардың біреуі шафиитердікі. Содан бірге тағы [басқа] көп мешіттер бар. Осында сан алуан халықтардың өкілдері өмір сүреді. Атап айтқанда, моңғолдар – бұл елдің билейтін оның [нағыз] тұрғындары; олардың кейбіреулері – мұсылман; мұсылман болып табылатын астар, христиандарға жататын қыпшақтар, черкестер, орыстар және византиялықтар. Әрбір халық өз жағында тұрады. Базарлары да сонда орналасқан...» (Греков, Якубовский, 1950: 143). Авторлардың айтуы бойынша, әртүрлі кәсіппен айналысқан. Осы мәселеге байланысты, зерттеушілер Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовский келесі мәселеге назар аударады: «Сарай-Берке тұрғындарының басым көпшілігі кәсіпшілер болмаса да, олар сан жағынан ең маңызды топ болған... Сарай-Берке қаласының кәсіпшілері көптеген критерийлер бойынша Батыс Еуропа қалаларының орта ғасыр кезеңіндегі [кәсіби] цехтарға ұқсайтын ерекше кәсіби ұйымдардың құрамында болған» (Греков, Якубовский, 1950: 151).

Г.А. Федоров-Давыдовтың «Алтын Орда хандарының қол астындағы Шығыс Еуропа көшпелілері. Археологиялық ескерткіштер» («Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. Археологические памятники») (Федоров-Давыдов, 1966) деген монографиясында Алтын Орда дүниежүзілік феномен ретінде талданады. Жалпы алғанда, осы

еңбекте Алтын Орданың ішкі өмірі, яғни әдет-ғұрыптары (мысалы, жерлеу рәсімі), шаруашылығы, әскери ісі (қарудың түрлері) және тұрғындардың этникалық құрамы, сондай-ақ қоғамдық құрылысы нақты көрсетілген. Бұл ретте зерттеуші қала мәселесіне де арнайы тоқталады. Атап айтқанда, соған «Көшпелі дала және қалалар» («Кочевая степь и города») деп аталатын тарау арналған. Бұл тарауда Г.А. Федоров-Давыдов, әртүрлі археологиялық және жазбаша деректерге сүйене отырып, қала тұрғындары мен көшпелілердің арасында тығыз экономикалық, этникалық және т.б. байланыстардың болғандығына назар аударады. Осы ретте көшпелілердің бір бөлігі қала тұрғындарының ортасына сіңіп кетті. Сондықтан да археологиялық қазба жұмыстарының барысында көшпелілердің қыштан жасалған ыдыс қалдықтары табыла береді (Федоров-Давыдов, 1966: 203–204). Сонымен бірге, автор атап өткендей, «Алтын Ордадағы қала тұрғындарының елеулі бөлігін бұрын көшпелі болған қыпшақтар [«половцы»] құрағандығын жазбаша деректер, соның ішінде Алтын Орда қалаларында қыпшақ тілінде жазылған әдебиет туындылары растайды» (Федоров-Давыдов, 1966: 205–206).

Г.А. Федоров-Давыдовтың «Алтын Орданың қоғамдық құрылысы» («Общественный строй Золотой Орды») (Федоров-Давыдов, 1973) деген монографиясында қала мәселесіне «XIV ғасырдың бірінші жартысындағы Алтын Орда қаласы және Дәшті Қыпшақ» («Золотоордынский город и Дешт-и Кыпчак в первой половине XIV в.») арналағн. Автор Алтын Орданың территориясында жаңа қалалардың пайда болғандығына әсер еткен саяси және экономикалық факторларды талдайды. Оның айтуынша, XIII ғасырдың соңында Жошы ұлысы іс жүзінде тәуелсіз мемлекетке айналды. Жаңа мемлекеттің құрылуы қалалардың өсуі мен дамуы тікелей әсер етті. Осы тұрғыдан келесі мәселеге назар аудару қажет: «XIII ғасырда Төменгі Еділ аймағы Жошы ұлысы ханның «домені», яғни тікелей өзі басқарған және оған бағынатын ру-тайпалар көшіп жүрген территория болды. Алтын Ордадағы қала салуы дәл осы жерден басталды. Бұл ретте қалалар көбінесе қысқы көшу орындарында, яғни осы «доменнің» бұрын қалалар болмаған оңтүстік жағында салына бастады» (Федоров-Давыдов, 1973: 78). Өзінің еңбегінде Г.А. Федоров-Давыдов Сарай қаласының «қатардағы» жағында («рядовая часть города») қара халықтың күнделікті өмірі жөнінде мәліметтер келтіреді. Бұл ретте автор әлеуметтік аспектіге ерекше аударады. Зерттеушінің пікірінше, қарапайым халықтың өкілдері көбінесе жер үйлерде тұрған: «Біздің ойымызша, Жаңа Сарайда жер үйлердің болғандығы сол үй иелерінің төмен әлеуметтік статусын, құқықтық тең еместігін, әсіресе еге осындай жер үйлер кірпіштен салынған жер үсті үйлердің жанына орналасса, көрсетеді» (Федоров-Давыдов, 1973: 78). Яғни Сарай қаласы тұрғындарының әлеуметтік жағдайы бірдей болмаған. Бай адамдар әдемі кірпіш үйлерде, ал жағдайлары мүшкіл адмдар жер үйлерде тұруға мәжбүр болды.

Кейінгі жылдары көшпелі ортадағы қала мәселесіне байланысты зерттеулер Г.А. Федоров-Давыдовтың «Алтын Орданың Еділ аймағындағы қалалары. Қыш бұйымдары. Сауда. Тұрмыс» («Золотоордынские города Поволжья. Керамика. Торговля. Быт») (Федоров-Давыдов, 2001) атты еңбегінде көрініс тапты. Алтын Орда кезеңіне жататын қалашықтарда табылған қыш бұйымдарды (құмыралар, қақпақтар, қазандар және т.б.) зерттеудің нәтижесінде ғалым қала мен дала тұрғындарының арасында тығыз байланыстардың болғандығына тағы да ерекше назар аударады: «Олар (көшпелілер. – авт.) қалаға барып өздеріне қажетті заттарды сатып алса керек» (Федоров-Давыдов, 2001: 221). Қала тұрғындары алтын және күміс монеталарын теріден немесе жібектен жасалған қапшыққа салып, ал артық ақшаларын олар жерде шұңқыр қазып сонда сақтаған (Федоров-Давыдов, 2001: 222). Қала тұрғындарының күнделікті өмірі мен тұрмысы монографияның «Алтын ордадағы қала тұрғындарының соғыс және бейбіт уақытындағы тұрмысының кейбір ерекшеліктері» («Некоторые черты военного и мирного быта жителей золотоордынских городов») (Федоров-Давыдов, 2001: 225–234) деген тарауында баяндалады. Автор үй-жайларды жылыту, сумен жабдықтау жүйесі, моншалар, киім-кешек, тағамдар және т.б. мәселелерге көңіл бөледі:

«Үйдің жоспарламасы мен тұрғын ауданы тұрғындардың әлеуметтік жағдайын нақты көрсетеді... [мысалы] қарапайым үйлерде су құбыры болмаған. Селитренное қалашығындағы... бай үйде [қонақтарды] қабылдауға арналған үлкен залды сумен жабдықтайтын су арнасы («канал») табылған...» (Федоров-Давыдов, 2001: 227–228).

Ресей. В.Л. Егоровтың «XIII–XIV ғасырлардағы Алтын Орданың тарихи географиясы» («Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV вв.») (Егоров, 2010) атты монографиясында Алтын Орданың орта ғасыр кезеңіндегі тарихының байланысты тарихи-географиялық мәселелер қарастырылады. Сан алуан жазбаша және археологиялық деректерге сүйене отырып тарихшы Алтын Орданың шекарасы, әкімшілік басқару жүйесі, аумағы және т.б. жөнінде материал келтіреді. Сонымен бірге еңбекте Алтын Орданың жүзден астам қаласына қатысты мәліметтер талданылады. Атап айтқанда, автор батыстағы Прут өзеңінен шығыстағы Батыс Сібірге дейін созылған территориядағы, соның ішінде Солтүстік Кавказ, Еділ маңы, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан сияқты аймақтардағы, орта ғасыр кезеңіне жататын қалалардың қалдықтары жөнінде нақты материал келтіреді (Егоров, 2010). Бұл ретте автордың пайымдауынша, «Еділ өзеңінің бар жағалауына қалалар, кенттер және ауылдар салынған деп айтуға болады. Ахтуба өзеңінің сол жағындағы территорияда (оның бастауынан Сарай ал-Джедидке дейін және бұдан әрі) шағын қалалар, кенттер және айналасында егістік алқаптары бар ақсүйектер үйлерінен тұратын үздіксіз отырықшы елді мекендер желісі пайда болды...» (Егоров, 2010: 77).

Алтын Ордадағы қала тұрғындарының күнделікті өміріне байланысты мәліметтер Л.Ф. Недашковскийдің «Алтын Орданың Төменгі Еділ аймағындағы қалалары мен олардың төңірегі» («Золотоордынские города Нижнего Поволжья и их округа») (Недашковский, 2010) деген еңбегінде де қарастырылады. Бұл ретте автор қалаларда көп этностар мен діндердің өкілдері тұрғандығына назар аударады: «Алтын Орда хандарының бастамасымен құрылған қалаларда сан алуан этностардың өкілдері өмір сүрген. Қала тұрғындарының негізгі бөлігін отырықшы өмір салтына өткен қыпшақтар болса керек. Жұрттың елеулі компоненті хорезмдіктер, болгарлар және көне орыстар болған. Қалаларда моңғолдар, фин және т.б. халықтарының өкілдері тұрған» (Недашковский, 2010: 4).

Д.В. Васильевтің «Гильом Рубруктың Еділ өзені сағасынан өткен жолы және ол барып келген елді мекендер туралы» («О пути Гильома Рубрука через дельту Волги и о населенных пунктах, которые он посетил») атты мақаласында Алтын орданың Сарай, Саксин және Суммеркент сияқты қалалардың орналасқан жерін анықтауға арналады. Археологиялық деректерге сүйене отырып, Д.В. Васильев XIII ғасырда пайда болған Сарай қазіргі Астрахан қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 40 шақырымдық жердегі Красноярское қалашығында, ал Саксин мен Суммеркент туралы айтатын болсақ, автордың пікірінше, бұлар Еділ сағасындағы Самосдельское қалашығында немесе Мошаик қалашығында орналасқан (Васильев, 2011: 65–66). Қала тұрғындарының күнделікті өмірі жөнінде мақалада жанама мәліметтер ғана келтірілген. Атап айтқанда, жұрт үй-жай салғанда күйдірілген кірпіштерді пайдаланған, балық аулаумен айналысқан. Қалаларда, мысалы Суммеркентте, көп ұлт пен дін өкілдері тұрған (Васильев, 2011: 65–66).

А.В. Пачкаловтың «Алтын Орда өркениеті» («Золотордынская цивилизация») (Пачкалов, 2011) атты мақаласы орта ғасыр кезеңінде Сарай қаласының қай жерде орналасқандығы мәселесіне арналған. Оның айтуынша, қазіргі уақытта ғылымда аталған мәселе жөнінде зерттеушілер үш топқа жатады: а) Алтын Ордада екі Сарай болған. Ескі Сарай Селитренное қалашығында, ал Жаңа Сарай (Сарай ал-Джедид) Царевское қалашығында орналасқан (осы гипотеза XIX ғасырда пайда болды); б) Алтын Ордада қазіргі Селитренное қалашығында орналасқан бір-ақ Сарай болды; в) Алтын Ордада екі Сарай болған: біреуі Красноярское қалашығында, Жаңа Сарай (немесе Сарай ал-Джедид, Сарай) Селитренное қалашығында орналасқан (Пачкалов, 2011: 41). Жалпы алғанда, мақалада Сарай және Алтын Орда тарихына қатысты сан алуан қызықты мәліметтер келтіріледі. Бірақ қала тұрғындарының күнделікті

өмірі туралы айтатын болсақ, осы мәселеге байланысты жанама ақпарат берілген. Мысалы, А.В. Пачкаловтың баяндауынша, Сарайдағы ақша айналымында күміс және мыс монеталар қолданылды (Пачкалов, 2011: 42).

Э.Г. Сайфетдинованың «Орта ғасыр кезеңіне жататын араб шығармаларындағы Алтын Орданың қалалары» («Города Золотой Орды на страницах средневековых арабских сочинений») (Сайфетдинова, 2014) атты мақаласында араб тілінде жазылған шығармалардағы Алтын Орданың қалалары жөнінде мәліметтер келтіріледі. Өртүрлі деректерді зерттеу барысында автор арабтілді туындылардағы қалалар байланысты ақпараттардың ерекшеліктеріне назар аударады. Атап айтқанда, зерттеушінің пайымдауынша, «... орта ғасыр кезеңіне жататын арабтілді шығармалардағы мәліметтер жүйесіз және сондағы орта ғасыр кезеңіне жататын қалалар жөнінде ақпарат толық емес. Келтірілген мәліметтердің көбінесе Алтын Орда империясының отырықшы территорияларға, «ескі қалаларға» қатысы бар; қала салу мәселесі жөніндегі мәліметтер негізінен Алтын Орданың астанасы болып табылатын Сарай қаласымен байланысты. «Жаңа» қалаларға жеке-жеке үйлер болып орналасу принципі тән. Бұл ретте қала қоршалмаған, яғни қаланың фортификациясы болмаған. Арабтілді авторлардың пікірінше, Алтын Орда қаласының маңызды ерекшелігі оның әкімшілік, сауда-кәсіпшілік және мәдени әрі діни орталығы функциясын атқаруында» (Сайфетдинова, 2014: 161–162).

Батыс елдері. Ғылыми еңбектері Шығыс елдерінің, соның ішінде Алтын орданың, сондай-ақ Таяу және Орта Шығыстың да, тарихы мен мәдениетіне арналған белгілі батыстық шығыстанушылардың бірі болып табылатын неміс зерттеуші-ғалымы Бертольд Шпулердің (1911–1990) өзінің ғылыми шығармаларында елдердің саяси тарихынан басқа, қала тұрғындарының күнделікті өмір мәселесіне де көп беретіндігін айта кетуіміз керек. Атап айтқанда, «Алтын Орда. Ресейдегі моңғолдар. 1223–1502 жж.» («Золотая Орда. Монголы в России. 1223–1502 гг.») (Шпулер, 2016) деген іргелі еңбегінде автор Алтын Орданың саяси дамуы, мемлекеттік басқару, әскери іс, сыртқы экономикалық байланыстары сияқты сан алуан мәселелерге көңіл бөледі. Сонымен бірге Бертольд Шпулер «қолданбалы» мәселелерге де ерекше назар аударады. Осы тұста қала тұрғындарының күнделікті өмірі, соның ішінде үй салу, тамақтану, киім-кешек кию және т.б. жөнінде нақты айтқанда, Ескі Сарай мен Жаңа Сарай, Маджар, Укек сияқты қалаларда әртүрлі құрылыстар туралы айта отырып, зерттеуші үй салғанда жұрттың өртелген кірпіш пайдаланғандығын, үйлер көбінесе үш бөлмеден тұрып көшпелілердің киіз үйлеріндей оңтүстік жаққа қаратылған, үйді жылыту үшін пеш салған. Ағаш тапшылығынан отын ретінде құрғақ көң пайдаланылды (Шпулер, 2016: 423–425). Қала тұрғындарының тағам жүйесін сипаттай отырып, Бертольд Шпулер олардың өмірінде мал шаруашылығы өнімдері (соның ішінде қымыз, сиыр және ешкі сүті, қатық, ірімшік, жылқы, сиыр және қой еті) елеулі рөл ойнағандығын атап өтті. Сонымен бірге балық пен құс етін тұтынған. Бірақ күнделікті тамақтануда құс еті аса маңызды болған жоқ (Шпулер, 2016: 431–440). Жалпы алғанда, Бертольд Шпулердің жұмысы – Алтын Ордадағы қала тұрғындарының күнделікті өміріне арналған ең елеулі еңбектердің бірі. Автор келтірген нақты материал қала тұрғындарының көшпелі ортамен тығыз байланыста болғандығын көрсетеді.

Латыш археологы әрі өнертанушысы Францис Балодис (Ф.В. Баллод) өзінің «Ескі және Жаңа Сарай. Алтын Орданың астаналары. 1922 жылы жаздыгүні жасалған археологиялық жұмыстардың нәтижелері» («Старый и Новый Сарай, столицы Золотой Орды. Результаты археологических работ летом 1922 года») (Баллод, 1923) атты жұмысында Алтын Орда қалалық елді мекендеріне қатысты сан алуан жазбаша мәліметтер мен археологиялық деректерге сүйене отырып, Сарай қаласы әуелде Бату хан Мажар жорығынан оралған соң, яғни 1242–1254 жылдар аралығында қазіргі Астрахан қаласынан 110 шақырымдық жерде салынған деген байламға келді (Баллод, 1923: 6, 12). Кейінірек, яғни 1320–1332 жылдар аралығында Жаңа Сарай салынған. Ал осы қаланың ішкі күнделікті өмірін айтатын болсақ, келесі мән-жайларға назар аударуымыз керек. Францис Балодис келтірген мәліметтер бойынша, XIII

ғасырдың екінші жартысында осы қалада митрополит Кирилл бөлек орыс епархиясын ашты. Яғни түркілерді айтпағанда, Сарайда басқа ұлттардың өкілдері де (мысалы, орыстар) тұрған (Баллод, 1923: 5, 20). Сонымен бірге Сарай «ғылым мен мейірімділік ордасына айналды; және аз уақыт ішінде осында көптеген ғұламалар мен атақты тұлғалар, сондай-ақ тілшілер және өнершілер жиналды...», ал Берке «өнерге қамқорлық жасап, астанада әдемі ғимараттар салған» (Баллод, 1923: 6). XIV ғасырда өмір сүрген Ибн-Баттутаның материалдарына сүйене отырып, Францис Балодис сол кезеңдегі Сарай қаласын «әдемі базарлары әрі кең көшелері бар ең әдемі қалалардың бірі» деп сипаттайды (Баллод, 1923: 10). Сол кезде осы қалада 13 мешіт, базарлар, моншалар және «қайырымдылық мекемелері» («заведения благочестия») орналасқан (Баллод, 1923: 10).

Қорытынды

Осы жұмыстың нәтижесінде келесі тұжырымдар жасауға болады. Біріншіден, қазіргі Түркия, Қазақстан, Ресей сияқты елдердегі, сонымен қатар Батыс мемлекеттеріндегі ғылымда Алтын Орданың тарихы мен мәдениетінің әртүрлі аспектілеріне арналған көптеген еңбектер жарық көрді. Сол зерттеулерде Алтын Орданың әкімшілік басқару жүйесі, осы мемлекеттегі сыртқы және ішкі сауда, сауда жолдары, ақша айналымы және т.б. мәселелер көрініс тапты. Соның ішінде Алтын Орданың қалалары жөнінде материал келтіріледі. Яғни еңбектердің тақырыптық бағдарлылығы жөнінде айтқанда, археологтардың еңбектері көбінесе Алтын Орда қалаларының планиграфиясы, тарихы, орналасқан орнының ерекшеліктері сынды мәселелерге арналған. Себебі бүгінге дейін кейбір қалалардың нақты қай аймақта орналасқандығы туралы әртүрлі пікірлер бар.

Екіншіден, тарихшылар мен археологтардың ғылыми еңбектеріне сүйенетін болсақ, Алтын Орда мемлекетінде қала салу мәселесіне көп мән берілген деген қорытынды жасауға болады. Яғни бұл мемлекет – дамыған қалалық өркениеттің үлгісі. Бұл қалалардағы үйлерді сумен жабдықтау және жылыту жүйесінің сол кезең үшін жоғары деңгейде болғандығында, жұрттың әлеуметтік-экономикалық жағдайында, ақша айналымы мен сауда байланыстарының дамығандығында нақты көрініс тапты.

Үшіншіден, тарихнамада Алтын Орда мемлекетіндегі қала тұрғындары мен көшпелілердің арасында тығыз сауда-экономикалық және этникалық байланыстардың болғандығына ерекше назар аударылады. Яғни отырықшы және көшпелі халықтардың арасында нақты, өтуге болмайтын шекара болмады. Сондықтан да, зерттеушілердің ғылыми жұмыстары атап көрсеткендей, қалаларда әртүрлі халықтар мен діндердің өкілдері өмір сүрсе де, көптеген жағдайда қала тұрғындарының көпшілігін қыпшақтар сынды көшпелі халықтардың өкілдері құраған.

Әдебиеттер:

Байпаков, Ерофеева, Иночкин, Кривобокова, Сдыков, 2012 – *Байпаков К.М., Ерофеева И.В., Иночкин В.А., Кривобокова С.С., Сдыков М.Н.* Уральск древний и современный. Очерки истории. Уральск, 2012. 384 с.

Баллод, 1923 – *Баллод Ф.* Старый и Новый Сарай, столицы Золотой Орды. Результаты археологических работ летом 1922 года. Казань, 1923. 63 с.

Бартольд, 1993 – *Бартольд В.В.* Тюрки. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Алматы: Жалын, 1993. 192 с.

Васильев, 2011 – *Васильев Д.В.* О пути Гильома Рубрука через дельту Волги и о населенных пунктах, которые он посетил // Золотоордынское наследие. Мат. Второй Междунар. научн. конф. «Политическая и социально-экономическая история Золотой Орды», посвященной памяти М.А. Усманова. Казань, 29–30 марта 2011 г. Вып. 2. Казань: ООО «Фолиант», Институт истории им. Ш.Марджани АН Р, 2011. С. 64–72.

- Волков, 2016 – *Волков И.В.* Два города в Нижнем Поволжье на карте мира 1457 года // Поволжская археология. 2016. № 2 (16). С. 182–192.
- Греков, Якубовский, 1950 – *Греков Б.Д., Якубовский А.Ю.* Золотая Орда и ее падение. Москва; Ленинград: АН СССР, 1950. 479 с.
- Егоров, 2010 – *Егоров В.Л.* Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV вв. Москва: КРАСАНД, 2010. 248 с.
- Калменов, 2013 – *Калменов М.Д.* Кирпичеобжигательная печь с городища Жайык // Поволжская археология. 2013. № 4 (6). С. 205–213.
- Недашковский, 2010 – *Недашковский Л.Ф.* Золотоордынские города Нижнего Поволжья и их округа. Москва: Восточн. лит-ра, 2010. 364 с.
- Пачкалов, 2011 – *Пачкалов А.В.* Золотордынская цивилизация. Сборник статей. Вып. 4. Казань: Фолиант, Инст. ист. Им. Ш. Марджани АН РТ, 2011. С. 40–46.
- Сайфетдинова, 2014 – *Сайфетдинова Э.Г.* Города Золотой Орды на страницах средневековых арабских сочинений // Археология евразийских степей. 2014. № 2. С. 158–163.
- Сарайшық..., 2015 – *Сарайшық – бабалар мұрасы.* Сарайшық қалашығы туралы дереккөздер / Ғыл. ред. Ж.К. Жұмабаева. Атырау: Ағатай, 2015. 224 б.
- Сдыков, 2011 – *Сдыков М.Н.* Золотоордынские города Западного Казахстана // Золотоордынское наследие. Мат. Второй Междунар. научн. конф. «Политическая и социально-экономическая история Золотой Орды», посвященной памяти М.А. Усманова. Казань, 29–30 марта 2011 г. Вып. 2. Казань: ООО «Фолиант», Институт истории им. Ш.Марджани АН Р, 2011. С. 181–186.
- Федоров-Давыдов, 1966 – *Федоров-Давыдов Г.А.* Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. Археологические памятники. Москва: Изд. Москов. ун-та, 1966. 275 с.
- Федоров-Давыдов, 1973 – *Федоров-Давыдов Г.А.* Общественный строй Золотой Орды. Москва: Изд. Москов. ун-та, 1973. 180 с.
- Федоров-Давыдов, 2001 – *Федоров-Давыдов Г.А.* Золотоордынские города Поволжья. Керамика. Торговля. Быт. Москва: Изд. Москов. ун-та, 2001. 256 с.
- Шпулер, 2016 – *Шпулер Б.* Золотая Орда. Монголы в России. 1223–1502 гг. / Пер. с нем. яз. и комм. М.С. Гатина. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2016. 500 с.
- Якубовский, 1932 – *Якубовский А.Ю.* Феодализм на Востоке. Столица Золотой Орды – Сарай-Берке. Ленинград: ГАИМК, 1932. 52 с.
- Bilgin, 1993 – *Bilgin Orhan.* Cüveynî, Atâ Melik // Türkiye Diyanet Vakfı. İslam Ansiklopedisi. İstanbul, 1993. Cilt. 8. Sf. 140–141.
- Bostancı, 2021a – *Bostancı Fatih.* Altın Orda Devleti’nde Yerleşik Hayatın İlk İzleri: Saray Şehri // Genel Türk Tarihi Araştırmaları Dergisi. 2021. Cilt. 3. Sayı. 6. Sf. 229–240.
- Bostancı, 2021b – *Bostancı Fatih.* Berke Han Dönemi Altın Orda Devleti (1256–1266) (Siyaset-Kültür-Din). Efe Akademi Yayınları, 2021. 263 s.
- Bostancı, 2024a – *Bostancı Fatih.* Timurlu Devleti’nde Eşya ve Gıda Fiyatları // Genel Türk Tarihi Araştırmaları Dergisi. 2024. Kasım. Özel sayı. Sf. 163–178.
- Bostancı, 2024b – *Bostancı Fatih.* Timurlu Devleti’nde Ordu Pazarı // Harp Tarihi Dergisi. 2024. Sayı. 10. Aralık. Sf. 37–56.
- Bostancı, 2026 – *Bostancı Fatih.* Timurlu Devleti’nde Tamga Vergisi ve Uygulanışı // Turcology Research. 2026. Sayı. 85. Sf. 181–192.
- Gökbilgin, 1972 – *Gökbilgin Özalp.* 1313–1357 Yılları Arasında Altın Ordu Devleti. Erzurum, 1972. 52 s.
- Kemaloğlu, 2026 – *Kemaloğlu İlyas.* Altın Orda Devleti. (1242–1502). Türk-İslam Devleti // Türk Dünyası Ansiklopedisi. <https://turkdunyasiansiklopedisi.gov.tr/detay/7327/Alt%C4%B1n-Orda-Devleti->

Özaydın, 1995 – *Özaydın Abdülkerim*. Fazl b. Rebî // Türkiye Diyanet Vakfı. İslam Ansiklopedisi. İstanbul, 1995. Cilt. 12. Sf. 274–275.

Özyetgin, Kemaloğlu, 2017 – *Özyetgin Ayşe Melek, Kemaloğlu İlyas*. Altın Orda hanlığına ait resmi yazışmalar. Ankara: Türk Tarih Kurumu, 2017. 171 s.

Yalvar, 2018 – *Yalvar Cihan*. Deşt-i Kıpçak'ta Moğol Hakimiyeti ve Kuman-Kıpçaklar // Yeditepe Üniversitesi Tarih Bölümü Araştırma Dergisi. 2018. Cilt. 2. Sayı. 1. Ocak. Sf. 3–29.

References:

Ballod, 1923 – *Ballod F.* Stary i Novy Saray, stolitsy Zolotoy Ordy. Rezultaty arkheologicheskikh rabot letom 1922 goda [Old and New Saray, capitals of the Golden Horde. Results of archaeological work in the summer of 1922]. Kazan, 1923. 63 p. (in Rus)

Bartold, 1993 – *Bartold V.V.* Tyurki. Dvenadtsat lektsy po istorii turetskikh narodov Sredney Azii [The Turks. Twelve Lectures on the History of the Turkish Peoples of Central Asia]. Almaty: Zhalyñ, 1993. 192 p. (in Rus)

Baypakov, Yerofeyeva, Inochkin, Krivobokova, Sdykov, 2012 – *Baypakov K.M., Yerofeyeva I.V., Inochkin V.A., Krivobokova S.S., Sdykov M.N.* Uralsk drevny i sovremenny. Ocherki istorii [Uralsk: Ancient and Modern. Historical Essays]. Uralsk, 2012. 384 p. (in Rus)

Bilgin, 1993 – *Bilgin Orhan*. Cüveynî, Atâ Melik [Cüveynî, Atâ Melik] // Türkiye Diyanet Vakfı. İslam Ansiklopedisi. İstanbul, 1993. Cilt. 8. Pp. 140–141. (in Tur)

Bostancı, 2021a – *Bostancı Fatih*. Altın Orda Devleti'nde Yerleşik Hayatın İlk İzleri: Saray Şehri [The First Traces of Sedentary Life in the Golden Horde: Saray City] // Genel Türk Tarihi Araştırmaları Dergisi. 2021. Cilt. 3. Sayı. 6. Pp. 229–240. (in Tur)

Bostancı, 2021b – *Bostancı Fatih*. Berke Han Dönemi Altın Orda Devleti (1256–1266) (Siyaset-Kültür-Din) [The Golden Horde State during the Reign of Berke Khan (1256–1266) (Politics-Culture-Religion)]. Efe Akademi Yayınları, 2021. 263 p. (in Tur)

Bostancı, 2024a – *Bostancı Fatih*. Timurlu Devleti'nde Eşya ve Gıda Fiyatları [Prices of Goods and Food in the Timurid Empire] // Genel Türk Tarihi Araştırmaları Dergisi. 2024. Kasım. Özel sayı. Pp. 163–178. (in Tur)

Bostancı, 2024b – *Bostancı Fatih*. Timurlu Devleti'nde Ordu Pazarı [Orda Market in the Timurid State] // Harp Tarihi Dergisi. 2024. Sayı. 10. Aralık. Pp. 37–56. (in Tur)

Bostancı, 2026 – *Bostancı Fatih*. Timurlu Devleti'nde Tamga Vergisi ve Uygulanışı [The Tamga Tax and its Implementation in the Timurid State] // Turcology Research. 2026. Sayı. 85. Pp. 181–192. (in Tur)

Egorov, 2010 – *Yegorov V.L.* Istoricheskaya geografiya Zolotoy Ordy v XIII–XIV vv. [Historical geography of the Golden Horde in the 13th–14th centuries]. Moskva: KRASAND, 2010. 248 p. (in Rus)

Fedorov-Davydov, 1966 – *Fedorov-Davydov G.A.* Kochevniki Vostochnoy evropy pod vlastyu zolotoordynskikh khanov. Arkheologicheskiye pamyatniki [Nomads of Eastern Europe under the rule of the Golden Horde khans. Archaeological monuments]. Moskva: Izd. Moskov. un-ta, 1966. 275 p. (in Rus)

Fedorov-Davydov, 1973 – *Fedorov-Davydov G.A.* Obshchestvennyy stroy Zolotoy Ordy [Social system of the Golden Horde]. Moskva: Izd. Moskov. un-ta, 1973. 180 p. (in Rus)

Fedorov-Davydov, 2001 – *Fedorov-Davydov G.A.* Zolotoordynskiye goroda Povolzhya [Golden Horde cities of the Volga region]. Moskva: Izd. Moskov. un-ta, 2001. 256 p. (in Rus)

Gökbilgin, 1972 – *Gökbilgin Özalp*. 1313–1357 Yılları Arasında Altın Ordu Devleti [The Golden Horde State between 1313 and 1357]. Erzurum, 1972. 52 s. (in Tur)

Grekov, Yakubovsky, 1950 – *Grekov B.D., Yakubovsky A.Yu.* Zolotaya orda i eye padeniye [The Golden Horde and the Fall]. Moskva; Leningrad: AN SSSR, 1950. 479 p (in Rus)

Kalmenov, 2013 – *Kalmenov M.D.* Kirpicheobzhigatel'naya pech s gorodishcha Zhayyk [Brick burning stove with gorodishcha Zhayyk] // *Povolzhskaya arkheologiya*. 2013. № 4 (6). Pp. 205–213. (in Rus)

Kemaloğlu, 2026 – *Kemaloğlu İlyas*. Altın Orda Devleti. (1242–1502). Türk-İslam Devleti [Golden Horde State (1242–1502). Turkic-Islamic State.] // *Türk Dünyası Ansiklopedisi*. <https://turkdunyasiansiklopedisi.gov.tr/detay/7327/Alt%C4%B1n-Orda-Devleti-> (in Tur)

Nedashkovsky, 2010 – *Nedashkovsky L.F.* Zolotoordynskiye goroda Nizhnego Povolzhya i ikh okrug [Golden Horde cities of the Lower Volga region and their surroundings]. Moskva: Vostochn. lit-ra, 2010. 364 p. (in Rus)

Özaydın, 1995 – *Özaydın Abdülkerim*. Fazl b. Rebî [Fazl b. Rebî] // *Türkiye Diyanet Vakfı İslam Ansiklopedisi*. İstanbul, 1995. Cilt. 12. Pp. 274–275. (in Tur)

Özyetgin, Kemaloğlu, 2017 – *Özyetgin Ayşe Melek, Kemaloğlu İlyas*. Altın Orda hanlığına ait resmi yazışmalar [Official correspondence of the Golden Horde Khanate]. Ankara: Türk Tarih Kurumu, 2017. 171 s. (in Tur)

Pachkalov, 2011 – *Pachkalov A.V.* Zolotoordynskaya tsivilizatsiya [Golden Horde civilization]. Sbornik statey. Vyp. 4. Kazan: Foliant, Inst. ist. Im. Sh. Mardzhani AN RT, 2011. Pp. 40–46. (in Rus)

Sarayshyq..., 2015 – *Sarayshyq – babalar murasy. Sarayshyq qalashygy turaly derekkozder* [Sarayshyk is the heritage of our ancestors. Sources about the town of Sarayshyk] / Gyl. red. Zh.K. Zhumabayeva. Atyrau: Afatay, 2015. 224 p. (in Kaz/Rus)

Sayfetdinova, 2014 – *Sayfetdinova E.G.* Goroda Zolotoy Ordy na stranitsakh srednevekovykh arabskikh sochineniy [Cities of the Golden Horde in the pages of medieval Arabic writings] // *Arkheologiya evraziyskikh stepey*. 2014. № 2. P. 158–163. (in Rus)

Sdykov, 2011 – *Sdykov M.N.* Zolotoordynskiye goroda Zapadnogo Kazakhstana [Golden Horde cities of Western Kazakhstan] // *Zolotoordynskoye naslediye. Mat. Vtoroy Mezhdunar. nauchn. konf. «Politicheskaya i sotsialno-ekonomicheskaya istoriya Zolotoy Ordy»*, posvyashchennoy pamyati M.A. Usmanova. Kazan, 29–30 marta 2011 g. Vyp. 2. Kazan: OOO «Foliant», Institut istorii im. Sh.Mardzhani AN R, 2011. Pp. 181–186. (in Rus)

Spuler, 2016 – *Spuler B.* Zolotaya Orda. Mongoly v Rossii. 1223–1502 gg. [Golden Horde. Mongols in Russia. 1223–1502.] / Per. s nem. yaz. i komm. M.S. Gatina. Kazan: Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT, 2016. 500 p. (in Rus)

Vasilyev, 2011 – *Vasilyev D.V.* O puti Gilyoma Rubruka cherez deltu Volgi i o naselennykh punktakh, kotorye on posetil [About the path of Gilyom Rubruk through the Volga delta and the populated areas he visited] // *Zolotoordynskoye naslediye. Mat. Vtoroy Mezhdunar. nauchn. konf. «Politicheskaya i sotsialno-ekonomicheskaya istoriya Zolotoy Ordy»*, posvyashchennoy pamyati M.A. Usmanova. Kazan, 29–30 marta 2011 g. Vyp. 2. Kazan: OOO «Foliant», Institut istorii im. Sh.Mardzhani AN R, 2011. Pp. 64–72. (in Rus)

Volkov, 2016 – *Volkov I.V.* Dva goroda v Nizhnem Povolzhye na karte mira 1457 goda [Two cities in the Lower Volga region on a world map from 1457] // *Povolzhskaya arkheologiya*. 2016. № 2 (16). Pp. 182–192. (in Rus)

Yakubovsky, 1932 – *Yakubovsky A.Yu.* Feodalizm na Vostoke. Stolitsa Zolotoy Ordy – Saray-Berke [Feudalism in the East. The Golden Horde's capital – Saray-Berke]. Leningrad: GAIMK, 1932. 52 p. (in Rus)

Yalvar, 2018 – *Yalvar Cihan*. Deşt-i Kıpçak'ta Moğol Hakimiyeti ve Kuman-Kıpçaklar [Mongol Rule in Desht-i Kipchak and the Cuman-Kipchaks] // *Yeditepe Üniversitesi Tarih Bölümü Araştırma Dergisi*. 2018. Cilt. 2. Sayı. 1. Ocak. Pp. 3–29. (in Tur)

¹ **Морякова М.Т.** ² **Шотанова Г.А.**

^{1, 2} *Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова*
(Алматы, Республика Казахстан)

e-mail: ¹ malika-94kz@mail.ru ² sh.galiya08@gmail.com

ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ ЗОЛОТООРДЫНСКИХ ГОРОДОВ И ПОСЕЛЕНИЙ (XIII–XV ВВ.) В ТУРЕЦКОЙ, КАЗАХСТАНСКОЙ И ЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ

Аннотация. Введение. В настоящее время при изучении истории и культуры разных стран особое внимание уделяется внутренней, то есть повседневной жизни жителей городов. Хотя известные и выдающиеся личности играют важную роль в истории и культуре некоторых стран и народов, а во многих случаях и всего мира, изучение той или иной эпохи возможно путем анализа жизни, обычаев, социальных норм и мировоззрения обычных людей. В свою очередь, это дает возможность более глубоко понять смысл политических событий и социокультурных взаимоотношений, имевших место в определенный период времени. Цель и задачи исследования. Цель статьи – изучить историографию, прямо или косвенно посвященную вопросу повседневной жизни городского населения городов Золотой Орды. Для достижения поставленной цели необходимо выполнить следующие задачи: выявить особенности изучения повседневной жизни городского населения Золотой Орды в современной казахской и мировой науке; изучить социально-экономическое положение городов обозначенного периода; проанализировать связи между городским и кочевым населением Золотой Орды. Результаты. Вопрос повседневной жизни является неотъемлемой частью историографии истории и культуры Золотой Орды. Выводы. В ходе изучения данной темы сделаны выводы о том, что повседневная жизнь городского населения стала отдельным направлением историко-археологических исследований в историографии, что Золотая Орда была государством со значительно развитой городской культурой и что в период средневековья города Золотой Орды были тесно связаны с кочевой средой.

Благодарность. Данная статья подготовлена в рамках выполнения научного проекта грантового финансирования «История оседлых поселений Западного Казахстана в золотоордынский период: реконструкция материальной культуры повседневности» (ИРН АР23489009).

Ключевые слова: золотоордынские поселения, урбанистика, историография, Жайык, Сарайшык, Сарай-Бату, Сарай-Берке, Сарай-и Джедид, повседневная жизнь.

¹ Moryakova M.T. ² Shotanova G.A.

^{1, 2} Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Republic of Kazakhstan)
e-mail: ¹ malika-94kz@mail.ru ² sh.galiya08@gmail.com

EVERYDAY LIFE OF THE GOLDEN HORDE CITIES AND SETTLEMENTS (13th–15th CENTURIES) IN TURKISH, KAZAKH AND EUROPEAN HISTORIOGRAPHY

Abstract. Introduction. Nowadays, when studying the history and culture of different countries, special attention is paid to the internal, or everyday, lives of city dwellers. While famous and prominent figures play a significant role in the history and culture of some countries and peoples, and in many cases the entire world, studying a given era is possible through analyzing the lives, customs, social norms, and worldviews of ordinary people. This, in turn, provides an opportunity to more deeply understand the meaning of political events and social movements that took place during a given period. *Purpose and objectives of the study.* The purpose of the article is to study the historiography directly or indirectly devoted to the issue of everyday life of the urban population of the Golden Horde cities. To achieve this goal, it is necessary to complete the following tasks, namely, to identify the features of the study of the everyday life of the urban population of the Golden Horde in modern Kazakh and world science; to study the socio-economic situation of the cities of the

indicated period; to analyze the connections between the urban and nomadic population of the Golden Orda. *Results.* The issue of everyday life is an integral part of the historiography of the history and culture of the Golden Horde. *Conclusions.* In the course of studying this topic, conclusions were drawn that the everyday life of the urban population became a separate area of historical and archaeological research in historiography, that the Golden Horde was a state with a significantly developed urban culture and that during the Middle Ages, the cities of the Golden Horde were closely connected with the nomadic environment.

Acknowledgements. This article was prepared within the framework of the grant-funded research project «History of sedentary settlements in Western Kazakhstan during the Golden Horde period: reconstruction of material culture of everyday life» (IRN AP23489009).

Keywords: Golden Horde settlements, urban studies, historiography, Zhaiyk, Saraishyk, Sarai-Batu, Sarai-Berke, Sarai-i Djedid, everyday life.

Авторлар туралы мәлімет:

Морякова Малика Темирхановна – Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, аға ғылыми қызметкер, PhD

Шотанова Галия Айтжанқызы – Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Информация об авторах:

Морякова Малика Темирхановна – старший научный сотрудник Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, PhD

Шотанова Галия Айтжановна – ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор

Information about authors:

Moryakova M.T. – Senior Researcher of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

Shotanova G.A. – Leading researcher of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

*Келіп түсті 18 наурыз 2026 жыл
Қабылданды 2 мамыр 2026 жыл*